

Қызылорда облысы аумағында елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі қағидаларды, жер учаскелеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2010 жылғы 29 қарашадағы N 949 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2011 жылы 06 қаңтарда N 4263 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 27 мамырдағы N 142 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 27.05.2013 N 142 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Қызылорда облысының елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі қағидалар, жер учаскелеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптары **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары Н. **Ұ р а н х а е в қ а** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Б. Қуандықов**
Қызылорда облысы әкімдігінің
2010 жылғы 29 қараша N 949
қаулысымен бекітілген

Қызылорда облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі қағидалар, жер учаскелеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптары

Ескерту. Қаулыға өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы әкімдігінің 2011.11.14 N 204 қаулысымен.

Осы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі қағидалар, жер учаскелеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптары (бұдан әрі - қағида) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңдарының талаптарына сәйкес және Қызылорда облысы аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгертудің бірыңғай тәртібін белгілеу, жер учаскелеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмірлер беру талаптарын белгілеу мақсатында әзірленген.

1. Негізгі ережелер

1. Осы қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ғимарат - табиғи немесе жасанды кеңістік шекаралары бар және өндірістік процестерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға немесе адамдарды, жүктерді уақытша орналастыруға (орын ауыстыруға), сондай-ақ, жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсеуге, жүргізуге) арналған жасанды жасалған ауқымды, тегістікті немесе желілік объект (жер үсті, су беті және (немесе) жер асты, су асты). Ғимарат көркемдік-эстетикалық, әшекей-қолданбалы не мемориалдық мақсатта да болуы мүмкін;

2) елді мекен - республика аумағының халық жинақы орналасқан, кемінде 50 адамы бар, азаматтардың шаруашылық және басқа қоғамдық қызметі нәтижесінде қалыптасқан, заңда белгіленген тәртіпте есепке алынған және тіркелген, жергілікті өкілді және атқарушы органдар басқаратын бір бөлігі;

3) ономастикалық комиссия - географиялық объектілердің атауына және олардың атауларын өзгертуге бірыңғай көзқарас қалыптастыру, топонимикалық атауларды қолдану мен есепке алуды ретке келтіру, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде тарихи атауларды қалпына келтіру, сақтау жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін консультативтік-кеңесші орган;

4) үй - адамдардың тұруына немесе ішінде болуына, өндірістік процестерді орындауға, сондай-ақ, материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға пайдаланылатын функционалдық мақсатына қарай, міндетті түрде жер бетіне салынып, тұйық көлемді құрайтын, тіреу және қоршау

конструкцияларынан тұратын жасанды құрылғы. Үйдің жер асты бөлігі болуы
м ү м к і н .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің
2011.11.14 N 204 қаулысымен.

2. Қызылорда облысы елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атаулар беру және атауларын қайта өзгерту тәртібі

2. Қызылорда облысының елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атау беру
Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы заңнамамен
белгіленген тәртіптегі кеңістікте оларды бөлу және айырып тануды қамтамасыз
е т у ү ш і н б е р і л е д і .

3. Қалалық өкілді және атқарушы органдар бірлескен шешімімен:
тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, қаладағы аудандарға,
алаңдарға, даңғылдарға, бульварларға, көшелерге, орамдарға, парктерге,
скверлерге, көпірлерге және қаланың басқа да құрамдас бөліктеріне ат қою және
олардың атын өзгерту, олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы
м ә с е л е л е р д і ш е ш е д і ;

қаладағы аудандардың, алаңдардың, даңғылдардың, бульварлардың,
көшелердің, тұйық көшелердің, саябақтардың, скверлердің, көпірлердің және
қаланың басқа да құрамды бөліктерінің атауы және оларды қайта атау, олардың
атауларының транскрипциясын өзгерту жөніндегі жұмыстардың орындалуын
қ а м т а м а с ы з е т е д і .

4. Аудандық өкілді және атқарушы органдар бірлескен шешімімен аудандық
маңызы бар қалалардағы алаңдарға, көшелерге, саябақтарға, скверлерге,
көпірлерге және басқа да құрамдас бөліктерге ат қою, олардың атын өзгерту
туралы және атауларының транскрипциясын өзгерту туралы мәселелерді шешеді.

5. Кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі тиісті аумақ халқының
пікірін ескере отырып, осы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне ат қою және
олардың атын өзгерту мәселелерін шешеді.

6. Қалалық ономастикалық комиссияларды облыстық маңызы бар қаланың
жергілікті атқарушы органдары қаладағы аудандардың, алаңдардың,
даңғылдардың, бульварлардың, көшелердің, тұйық көшелердің, парктердің,
саябақтардың, көпірлердің және қаланың басқа да құрамдас бөліктерінің атауы
және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ, олардың атауларының
транскрипциясын өзгерту туралы қорытындылар дайындау және енгізу
м а қ с а т ы н д а құ р а д ы .

7. Облыстық маңыздағы қаланың құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту мәселелері ономастикалық комиссия қорытындысын ескере отырып шешіледі.

3. жер учаскелеріне, ғимараттар мен құрылыстарға реттік нөмірлер беру

8. Жер учаскелеріне, ғимараттарға және құрылыстарға реттік нөмір беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалану елді мекен аумағында көрсетілген объектілердің орналасу орнын (орналасқан жерін) анықтаудың бірыңғай жүйесін қалыптастыруға арналған.

9. Осы қағидаларға сәйкес реттік нөмір берілетін жылжымайтын мүлік нысандары :

жер учаскелері ;
үйлер ;

ғимараттар.

4. Реттік нөмірлерді беруге қойылатын талаптар

10. Үйдің (ғимараттың) реттік нөмірі - әріптер қосу мүмкіндігімен цифрлардан тұратын немесе қосымша бүтін цифрлардың бөлшек таңбасы арқылы белгіленетін объект мекен-жайының бөлігі.

11. Бір жер учаскесінде бірыңғай сәулеттік ансамбль құрайтын немесе бір сәулеттік-құрылыстық кешеннің бөлігі болып табылатын екі және одан да көп үйлерді (ғимараттарды) орналастыру кезінде реттік нөмірге әріптер қосылады.

12. Қолданыста бар екі үйдің арасында орналасқан үйге (ғимаратқа) ең кіші реттік нөмір бөлшек қосу арқылы беріледі.

Үй (ғимарат) орам ішінде орналасқан жағдайда ең жақын тұрған ғимараттың (құрылыстың) реттік нөмірі бүтін цифрдың бөлшек таңбасын қосу арқылы беріледі.

13. Оңтүстіктен солтүстікке қарай (батыстан шығысқа қарай) құрылыстың үздіксіз үдерісін құрайтын ғимараттарға (құрылыстарға) реттік нөмірлер беру көшенің (жолдың) сол жағы бойынша тақ нөмірлер және оң жағы бойынша жұп нөмірлермен жүргізіледі.

14. Осы қаулы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген ғимараттардың реттік нөмірлері және нөмірлеуі өзгеріссіз қалдырылады.

15. Осы қағидалардың 13-тармағын орындау мүмкін болмайтын, яғни елді мекендер аумақтарының жаңа құрылысын табиғи қалыптастырған жағдайда осы аумақтардағы ғимараттарға реттік нөмірлер беру кері тәртіпте, яғни солтүстіктен оңтүстікке (шығыстан батысқа), көшенің оң жағында тақ сандармен және сол

жағында жұп сандармен жүргізіледі.

16. Түрлі санаттағы көшелердің қиылысында орналасқан ғимараттарға ең жоғары санаттағы көше бойынша реттік нөмір беріледі.

Егер бір ғимараттың алды екі бірдей көшелер қиылысына шықса, онда реттік нөмір елді мекен орталығына бағытталған көше бойынша беріледі.

17. Алаңның периметрін құрайтын ғимараттарға реттік нөмірлер беру орталық жақтан басты жолдан бастап сағат тілі көрсеткіші бойынша жүргізіледі.

5. Қорытынды ережелер

18. Осы қағидаларда қамтылмаған қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.